

## Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ түлектері мен қамқоршыларының ІІ Форумына қатысушылардың Үндеуі



Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясы» Қазақстан халқына Жолдауында, Қазақстан Республикасын 2015-2019 жылдарда индустриялы-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасында және басқа бағдарламалық құжаттарда алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау кадрлар әлеуетін дамытпайынша қол жетпейтін белес болып қала бермек. Мемлекет басшысының сөздерінде дуальды

оқыту жүйесін ескере отырып еңбек нарығында білім берудің тәжірибелік-бағдарлық бағытын айтарлықтай нығайту міндеті қойылып отыр.

Мемлекет басшысы Қазақстанды модернизациялаудың табысының негізі ретінде серіктестік принципін ұсынған болатын. Барлық жұмыс мемлекеттің, бизнестің және азаматтардың өзара тығыз байланысы негізінде құрылуы қажет.

Бірлескен күш-жігер арқылы ғана «мемлекет-білім-өндіріс» сапасын жақсартып, мамандар даярлаудың қалаулы деңгейіне қол жеткізуге болады, екі жаққа бірдей жауапкершілік дуальды білім берудің басты факторы болып табылады.

Қостанай облысы әкімдігінің қолдауымен құрылған Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ түлектері мен қамқоршыларының облыстық Кеңесі бұл бағытта қазірдің өзінде белгілі жетістіктерге қол жеткізді. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік дамуда, жұртшылық пен өндіріс мамандарын білім беру сапасын басқаруға және бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға жұмылдыру механизмдері қалыптасып келеді.

Біздер, Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ түлектері мен қамқоршыларының Форумына қатысушылар, әлеуметтік серіктестіктің маңыздылығын терең түсінеміз және қолдаймыз, баршаңызды еліміздің, аймақтың экономикасына ауадай қажетті лайықты кадрлар даярлауға бағытталған күштеріңізді біріктіруге шақырамыз.

Бизнес қауымдастықтарын кадрларды кәсіби даярлаудың барлық үрдісіне – жоғары оқу орнын корпоративті басқару органдарынан бастап білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға дейінгі барлық салаға қатысуға және жоғарғы технологиялық өндіріс базаларын беруге шақырамыз.

Әрбір кәсіпкердің міндеті «мемлекет-білім-өндіріс» байланысын нығайтуға өз үлесін қосу туралы Елбасының шақыруына үн қосу. Ең бастысы – біздің міндетіміз ортақ және мақсатымыз бір – гүлденген, тәуелсіз Қазақстан.

Форумға қатысушылар осы Үндеуді барлық бизнес қауымдастықтары түсіністікпен қабылдайды және «Бизнес-ЖОО» форматындағы әріптестікке қосымша серпін беріп, жұмыс берушілердің нақты өндіріс шарттарына қажетті өкілетті мамандарды қалыптастыру үрдісіне араласуын кеңейтуге мүмкіндік береді деп сенеді.